

**Ақтөбе облысы мәслихатының бюджет, экономика,
өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты
комиссиясының «2020 жылға арналған бюджеттің
атқарылуы туралы» есебі бойынша қорытындысы**

**Құрметті Оңдасын Сейілұлы!
Құрметті депутаттар!**

Облыс әкімі мен тексеру комиссиясының 2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есептері бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссияның қаралды.

Облыс экономикасы дамуының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілді. Бюджеттің әлеуметтік бағыты сақталды.

Бюджетті әзірлеу мен атқарудың кейбір кемшіліктеріне тоқтала кетейін.

Қаржылық ағындарды тиімсіз басқару, тиісті деңгейде бақылау жүргізбеу, жауапты тұлғалардың бюджет шығыстарын дұрыс жоспарламау, мысалы: денсаулық сақтау, білім, ЖКХ басқармаларында.

Бюджетті жоспарлау сапасы төмен деңгейде қалып отыр. Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдары жыл сайын төмен бағаланып отырады. Сол себепті облыстық бюджеттің негізгі параметрлері жиі нақтыланып, бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінің орындалу сапасына әсер етеді.

Жыл бойына салықтық және салықтық емес төлемдердің бюджетке айтарлықтай жетіспеушілігі мен асып түсуі, бюджеттің кіріс бөлігін түзетуге әкеледі. Есепті жылы 7 рет бюджет нақтыланды.

Жоғарыда көрсетілген фактілер, бюджетті жоспарлау кезінде облыстың салық әлеуеті жеткілікті түрде тиімді зерттелмейтінін көрсетеді. Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдерді ұлғайтудың барлық резервтері пайдаланылмайды.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы кезінде экономиканы дамытудың ішкі факторларын ескере отырып, нақты макроэкономикалық көрсеткіштерді қолдану қажет. Осыған сәйкес, бюджетті жоспарлау болжамды көрсеткіштерге, базалық шығыстарға, бюджеттік мониторинг нәтижелеріне негізделуге тиіс.

Бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылу тиімділігіне келетін болсақ, өкінішке орай, есепті тыңдау кезінде атқарылған бюджет пен аумақты дамыту бағдарламасындағы индикаторлармен өзара байланысты көре алмадық. Қаржы жұмсалды, бірақ түпкілікті нәтиже түсініксіз болды.

Біздің басты міндетіміз бюджет шығындарының тиімділігі болуы керек деп санаймыз. Бұған Мемлекет басшысы қатты назар аударып, тиісті тапсырмалар берді. Сондықтан бюджеттің атқарылуын бағалау барысында игерумен қоса, нақты нәтижелерге қол жеткізуге назар аударып, ұмтылу қажет.

Облыстың қаржы басқармасына үйлестіруші рөлін алып, басқармалармен бірлесіп, мемлекеттік шығыстарды пайдалану тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізу керек.

Облыс мәслихатының депутаттары әртүрлі деңгейлерде бюджет қаражаттарын уақтылы және толық игеруді талап ету және кемшіліктерге жол берген лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту туралы мәселені бірнеше рет көтерді.

Жылдан жылға кредиторлық және дебиторлық берешек сомасы үлкен мәселе болып қалуда.

Құрметті депутаттар!

Бақылау іс-шараларының нәтижелері, бірінші кезекте мемлекеттік органдар тарапынан бюджеттік өтінім/дердің дұрыс бақылаудың болмауы, бюджет қаражаттарының жұмсалудың қаржыландырудың егжей-тегжейлі жоспарының

болмауы негізгі бұзушылықтар себептері болып табылатынын көрсетті.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз ету, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мақсатында облыс әкімдігіне әрбір басшысының бюджет қаражатын басқару жұмысын жандан/дыру, дебиторлық және кредиторлық берешектерге жол бермеу, сондай-ақ коммуналдық меншікті тиімді басқару қажет.

Осыған байланысты, облыс әкімдігіне, барлық мемлекеттік органдарға 2020 жылға арналған облыс бюджетінің атқарылуын талқылау барысында депутаттар айтқан ескертулер мен ұсыныстарды ескеру қажет.

Мемлекеттік мекемелердің басшылары қатаң және тұрақты түрде мониторинг жүргізу қажет. Атқарушылық және қаржылық тәртіпті нығайтуға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу керек.

Қаржылық бұзушылықтардың алдын алу, сапасын қамтамасыз ету және оларды қысқарту мақсатында Тексеру комиссиясына бақылауды күшейту қажет. Мемлекеттік органдар мен бақылау объектілеріне жіберілген нұсқамалар мен ұсынымдардың орындалуына мониторинг бойынша қызметті жандандыру. Бұзушылықтарға жол берген басшылардың аты-жөндерін көрсете отырып, бақылау іс-шараларының нәтижелерін тұрақты негізде әлеуметтік желілерде жариялауды қамтамасыз ету, анықталған бұзушылықтарды жүйелендіру, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және осы мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар енгізу қажет.

Айтылған ескертулер ескеріліп, назарға алынады деген үміттеміз.

Құрметті депутаттар!

Ұсыныс енгіземін:

Облыс әкімінің 2020 жылғы облыс бюджетінің атқарылуы туралы есебі бекітілсін.

Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2020 жылғы есебі назарға алынсын.